

Бекітемін:

№ 29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

А.И.Хожамуратова
А.И.Хожамуратова

Тақырыбы: «Бәрін білгім келеді»

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Қазақ тілі пән мұғалімі: Ильясова:Л.Т

Өтілетін күні: 23.04 2021ж.



Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тобы: «Қызғалдақ» ересек орыс тобы

Білім аумағы: Қатынас, Таным, Тіл дамыту, Шығамашылық.

Білім бөлімі: Қазақ тілі.

Өтілетін күні: 23.04 2021ж.

Тақырыбы: «Бәрін білгім келеді»

Мақсаты: Қазақ тілінен білімдерін жетілдіру. Қазақ тілді үйренуге, түсінуге және оны ықыласпен тындауға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру. Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, Жұмбақтарды шешу, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне деген құрмет пен қызығушылыққа тәрбиелеу. Балаларға көтеріңкі көңіл – күй сыйлау.

Міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін қадағалау, қарапайым сөйлемдер құрастыру, диалог түрінде әңгімелесу, сұрақтарға дұрыс жауап беру.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, слайдтар, сиқырлы қалам, қол орамал, логикалық ойындар, ойын материалдары, таратпа көрнекілік құралдары

Алдын ала жұмыстар: Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тақпақтар оқу.

Билингвалдық компоненттер: қарға-ворона, арыстан-лев, күнбағыс-подсолнух, мысық-кошка, шымшық-воробей,

Инклюзивтік әлеумет: Шохдиана мен Салихтің тілге аңғарымдылығын арттыру.

Қызметэтаптары	Тәрбиеші қызметі	Балаларқызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Сәлеметсіздерме балалар! Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? Ендеше сендермен қызыққа толы Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді бастаймыз. Бүгін бізге қонақтар келді. Олармен амандасып, қарсы алайық. Балалар сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Күнге қарап күлімдеп Күн шуағын алайын, Қасымдағы досыма Қолымды менбұлғайын, Жылы жылы жүзбенен Маңдайынан сипайын,	Сәлеметсіздерме Тамаша, керемет Қош келдіңіздер! Құрметті қонақтар Балалар бірлесіп шеңбербойында тұрып орындайды.

Ұйымдастыру ізденушілік	Жылы жылы сөзбенен Жүрегімді сыйлайын , Ыстық алақаныммен Қолыңды бір қысайын, Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын. Ішке Дымбілмес кіріп келеді. Ой, мынау Дымбілмес қой. Кел Дымбілмес, қайдан жүрсің? Дымбілмес : Сәлеметсіңдерме балалар! Адасып жүрмін,мен қайда келдім? Балалар Дымбілместің қайда келгенін Айтыңдаршы. Дымбілмес: Менде осында қалсам болады ма? Біздің бақшаның балалары, тәртіпті, тәрбиелі, білімді,заманау талаптарға сай жаңа технологияларды қолдана біледі.Сенің біздің балалардан үйренерін көп. Дымбілмес менде бәрін білгім келеді. Балалар Дымбілместі ортамызға шақырайық,оған өз білімдерімізді көрсетейік. Балалар ҰОІӨ-тін бастамас бұрын біз ұран сөзімізді бірге қайталайық «Жалқаулықты тастаймыз, Іс-әрекетті бастаймыз» Ендеше «Ұйқас тауып ойнайық !» 1. Қонды барып талға, Ала қанат Ал Дымбілмес балалардың тақпақтарына Ұйқасын тауып жалғастыра аласың ба . Жарайды ендеше балалар Өздері айтағойсын 2.Айбат шеккен алыстан, Аң патшасы	Менің атым Камила. Сен «Ай- Керім»балабақша сына келдің.Бұл «Қарлығаш»тобы Бұлар менің достарым. Әрине ия Кел Дымбілмес
	3.Тұмсығымен шымшып Кұрт тереді..... 4.Екі көзін қысып Пеш үстінде отыр... Бұл қандай жануар ,оның түсі қандай ,ол қалай дыбыстайды .Жарайсың,енді сенің жауабыңды сиқырлы қаламмен тексеріп	Қарға арыстан шымшық мысық

	көрейік.Сиқырлы қалам үш тілде сөйлейді. 5Көз алмай күнге алыс Қарайды 6. Өзінше ноян Қорқақ..... Ал Дымбілмес логикалық ойындарға қалай қарайсын .Кел бірге ойланайық. Слайдтан логикалық ойындар көрсетіледі. Логикалық ойындар ойнап,жұмбақтардың шешуін тауып көрейік. Сергіту сәті  Теріп едік жемісін сезім бақтың Сыйластықтың алауын өзің жақтың. Сенің думан тойыңның әнін естіп, Есігіңді шыдамай өзім қақтым. Қ-сы: Бүгін қандай тамаша Көңілді күн Сені қуанышыңмен құттықтаймын Бақытты бол, жан досым! 2. Бір тамаша отырдың өмірге еніп, Жүзің бал бұл жадырап көңілденіп. Есігіңнен мен кіріп келгенімде Қуандың ау балаша мені көріп. «Ойлан,тап!» Өлең-есептерді шешейік.	күнбағыс қоян қарбыз,күнбағыс, аю,тышқан, жидектер,ай. Балалар көңілді әуенге қимыл-қозғалыс жасайды.
--	--	---

1. Екі қолым елім үшін алысса,
Екі аяғым жеткізеді алысқа.
Бәрін қосса, қанша, қане айтып көр.



төрт

2. Атам, әжем және мен
Болса есепке талабың
Неше адамды санадым?



Үш адамды санадым

3. Көлден ұшты жеті қаз
Қайтып қонды екі қаз,
Қонбады оның нешеуі
Қане, кім тез табады?



Бес қаз ұшты

4. Мұратта бар бес іні,
Сарада бар екі іні
Қоссаң бес пен екіні
Неше болады шешуі



Жеті болады

Сандарды көрсетіп, тура және кері санап

	берші Қазақтың ұлттық ойыны «Орамал тастамақ» Ойынның мақсаты: Кім? Не? Сұрақтарының қойылуын, оның қолданылатын орнын ажырата білу. Сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру. Жүргізуші орамалды кез келген оқушының алдына тастап кім? не? Сұрақтарының бірін айтады. Ал бала сол сұраққа жауап беретін сөзді айтады, сол сөзді қатыстырып сөйлем құрайды.	Кім? Бала.Бала ойнады. Не? Қарға.Қарға ұшты.
Жетекші жөндеуші	Балалар бүгін бізгекімкелді? Дымбілмес саған біздің балаларымыздың ойындары ұнады ма? Дымбілмеспен қандай ойындар ойнадық? Қандай жаңашыл құралдарды қолдандық? Қандай ұлттық ойындар ойнадық?	Бізге Дымбілмес келді. Әрине ұнады, мен өзіме көп нәрсе алдым. Ұйқасын тап,логикалық ойын, Сиқырлы қалам, Интерактивті тақта. Орамал тастамақ.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет:..Жұмбақтарды,логикалық ойындарды орындайды.Өлең-есептерді шеше алады.

Қалыптасқан түсініктер:ҰОІ-әрекетіндегі заманауи құралдарды біліп қолдана алады.

Орындаушылық қабілеті:Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстайды.Берілген сұрақтарға жауап беріп, қарапайым сөйлемдерді құрайды.



